

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

ЗАҢ ФАКУЛЬТЕТІ

Қылмыстық құқық, қылмыстық іс жүргізу және криминалистика

**«5В030100 – Құқықтану» мамандығы бойынша
Krim 3306; Krim 3507 Криминология пәнінен
ЕМТИХАН БАҒДАРЛАМАСЫ**

АЛМАТЫ, 2020

«5B030100 – Құқықтану» мамандығы бойынша Krim 3305; Krim 3307 «Криминология» пәнінен емтихан бағдарламасын «Қылмыстық құқық, қылмыстық іс жүргізу және криминалистика» кафедрасының доценті Г.М. Атахановамен әзірленді.

Қылмыстық құқық, қылмыстық іс жүргізу және криминалистика кафедрасының мәжілісінде қарастырылған
№ 39 хаттама «09» 06. 2020 ж.

Кафедра меңгерушісі

з.ғ.д., профессор

_____ Р.Е. Жансараева

Кіріспе

«5B030300 – Құқық қорғау қызметі» мамандығы бойынша бакалавриаттың білім алу бағдарламасын оқыту Қазақстан Республикасы Мемлекеттік жалпыға міндетті білім стандарты мен академиялық саясатқа сәйкес пәнді оқып игеру қорытынды бақылау - емтихан тапсырумен аяқталады. Емтиханға (қорытынды бақылауға) төлем бойынша берешегі жоқ, бакалавриатқа арналған оқу бағдарламасы мен оқу жұмыс жоспарына сәйкес пән бойынша оқу процессін аяқтап, тиісінше балл жинаған студенттер ғана жіберіледі.

Қорытынды емтихан (қорытынды бақылау) академиялық күнтізбе мен оқу жұмыс жоспарына сәйкес, CDO Moodle платформасында тестілеу арқылы жүргізіледі.

Оқу бағдарламасы мен оқу жұмыс жоспарына сәйкес пән бойынша оқу процессін аяқтап, тиісінше балл жинай алмаған студенттер қанағаттанарлықсыз бағасын оң бағаға қайта тапсыру үшін студент келесі академиялық кезеңдерінің бірінде немесе жазғы семестрде сол пән бойынша оқу жұмыс жоспарында қарастырылған барлық сабақ түрлеріне қайта қатысып, рұқсат алады және қорытынды бақылау тапсырады.

Егер студент оқу бағдарламасын толық көлемде орындай отырып, емтиханға уақытылы қатыспаса, емтихан ведомостындағы оның фамилиясының тұсына «келген жоқ» деген жазу жазылады. Студенттің дәлелді себептері болған жағдайда факультет деканының өкімімен оған емтихан тапсырудың жеке кестесі бекітіледі. Емтиханға келмеуінің дәлелді себептері болмаған жағдайда «қанағаттанарлықсыз» деген бағаға теңестіріледі.

«FX» белгісіне сәйкес «қанағаттанарлықсыз» баға алған жағдайда студентке емтиханды қайта тапсыру мүмкіндігі беріледі.

Қорытынды бақылаудың бағасымен келіспейтін студентке (докторант, магистрант) емтихан өткізілген күннен кейінгі күннен кешіктірмей апелляция беру мүмкіндігі қарастырылған.

Қорытынды бақылау бойынша оң бағаны осы аралық аттестаттау кезеңінде жоғарылату мақсатында қайта тапсыруға рұқсат етілмейді

Емтихан сұрақтары тиісті тексерістен өткеннен кейін бекітіледі.

Емтихан тапсыру бойынша нұсқаулық

1. Пән бойынша қорытынды емтихан CDO Moodle жүйесінде тест нысанында жүргізіледі. Тест тапсыру барысы автоматты прокторинг жүйесімен, егер прокторинг болмаса проктор немесе оқытушының қадағалауымен қатал бақыланады. Емтихан тапсырушының жеке компьютеріне мынадай талаптар қойылады:

1.1. Стационарлық компьютер немесе ноутбуктың болуы (планшет, смартфон);

1.2. Жұмыс жасайтын әрі қосулы веб-камера керек (ноутбуктегі өзінің орнатылған камерасы да болады, смартфондардың камерасы алдыңғы жағында қосулы болу керек);

1.3. Емтихан кезінде интернетке үзіліссіз қосылу қажет;

1.4. Емтихан тапсырудың барлық уақыты жазылады, бұл ретте студенттің беті, үстелі және кеңістігі көрінуі тиіс.

1.5. Емтихан кезінде сайтты жабуға тыйым салынады.

2. Емтихан міндетті түрде алдын ала бекітілген кестеге сәйкес жүргізіледі.

3. Студент қорытынды бақылаудың алдында арнайы нұсқамадан өтеді және бағалау критерийлерімен танысуы тиіс.

4. Прокторинг талабы бойынша студент емтихан басталғанға дейін 30 минут бұрын кестедегі сілтеме бойынша бейнеконференцияға қосылуы тиіс.

5. Тест көптік таңдау түрінде бір дұрыс жауабымен, бір жауапты, сандық, қысқа жауаптармен болады.

6. CDO Moodle тест 50 сұрақтан келеді, оның ішінен 25 сұраққа жауап беріледі және тасыруға 1 ғана мүмкіндік беріледі. Тест тапсырудың жалпы уақыты – 60 минут.

7. CDO Moodle тест сұрақтары автоматты түрде құрастырылады (генерацияланады).

8. Тест жауаптары дұрыс жауаптың кілттері арқылы автоматты түрде тексеріледі.

9. Емтихан тапсыру уақыты аяқталғаннан кейін қорытынды бақылау нәтижелері студенттің және оқытушының жеке кабинетіне автоматты түрде түседі.

10. Тест қорытындысы прокторинг нәтижесінде қайта қаралуы мүмкін. Студент емтихан тапсыру тәртібін бұзған жағдайда тест нәтижесінде алған бағасы жойылуға жатады.

Бағалау саясаты

Критериалды бағалау: дескрипторларға сәйкес оқыту нәтижелерін бағалау, аралық бақылау мен емтихандарда құзыреттіліктің қалыптасуын тексеру.

Жиынтық бағалау: аудиториядағы (вебинардағы) жұмыстың белсенділігін бағалау, орындалған тапсырманы бағалау.

Пән бойынша қорытынды баға келесі формула бойынша есептеледі:

$$\frac{AB1+MT+AB2}{3} \times 0,6 + ҚБ \times 0,4$$
 Мұнда AB – аралық бақылау; MT – аралық емтихан, ҚБ – қорытынды бақылау (емтихан).

Әріптік жүйе бойынша баға	Сандық эквивалент	Баллдардың (%-дық көрсеткіші)	Дәстүрлі жүйе бойынша баға
A	4,0	95-100	Өте жақсы
A-	6,67	90-94	

B+	3,33	85-89	Жақсы
B	3,0	80-84	
B-	2,67	75-79	
C+	2,33	70-74	
C	2,0	65-69	Қанағаттанарлық
C-	1,67	60-64	
D+	1,33	55-59	
D-	1,0	50-54	
FX	0,5	25-49	Қанағаттанарлықсыз
F	0	0-24	

Криминология -3 кредит **Емтихан сұрақтары қамтылатын тақырыптар**

1 Тақырып. Криминологияның ұғымы, оның пәні және әдістері.

Криминология социологиялық-құқықтық ғылым, оқу пәні, құқық бұзушылықтар мен қылмыстардың алдын алу жолында нормативтік сала ретінде. Криминология пәні. Криминология пәнінің 4 компонентінің жалпы сипаттамасы: қылмыстылық, қылмыскердің тұлғасы, қылмыстылықтың себептері мен жағдайлары, қылмыстылықтың алдын алу. Криминологияның тарихы. Қазақстанда криминологияның даму ерекшеліктері. Криминологияның пәні бойынша жүйесі.

2 Тақырып. Қылмыстылық және оның сипаттамасы. Қылмыстылықтың детерминациясы және себептері

Қылмыстық және оның белгілерінің түсінігі. Қылмыстылықтың негізгі сандық сапалық көрсеткіштері: жағдайы қылмыстылықтың құрылымы, қылмыстылықтың көрсеткіштері. Қылмыстылық және халықтың криминогендік зақымдалуының индексі және коэффициенттері. Қылмыстылық дәрежесінің құрамдас бөлшектері: өндірісі айыптау үкімі шығарылып аяқталған қылмыстар туралы мәліметтер; тергеліп немесе әлі ашылмаған қылмыстар туралы мәліметтер; қылмыстық жауаптылықтан және жазадан амнистия, не қылмыстық жазаны басқа да әсер ету шарымен ауыстырылуына байланысты бостатылған тұлғалардың қылмыстары туралы мәліметтер.

3 Тақырып. Қылмыскердің жеке тұлғасының ұғымы мен құрылысы

Қылмыскердің тұлғасын зерттеудің криминологиялық маңызы. Қылмыскердің тұлғасының ұғымы және оны криминологияда зерттеу шегі. Қылмыскердің тұлғасында әлеуметтік пен биологиялықтың арақатынасы: проблемалар мен пікірталастар. Қылмыскердің тұлғасы және әлеуметтік орта. Тұлғаның қалыптасу процесі.

4 Тақырып. Қылмыстылықтың алдын алу

Нақты қылмыстың себептерін және шарттарын түсіну. Нақты қылмыс себептерінің жіктелуі және әлеуметтік психологиялық сипаттама. Тұлғаның

өзіндік сана сезім және жауапкершілігінің ролі. Криминогендік мотивацияның қызметі көріністік, қозғаушылық, реттеушілік, тексерушілік. Криминалдық мінез құлық мотивтерінің жіктелуі. Құқыққа қайшы әрекет жасау жоспарындағы мотивацияларды нақтылау және мінез құлықтық шешімінің алынуы..

5 Тақырып. Зорлықпен күш көрсету қылмыстылығы және оның криминологиялық сипаттамасы

Криминологикалық классификация бойынша қылмыстың ерекше тобы ретіндегі зорлық қылмыстар мен бұзақылықтың түсінігі және жалпы сипаттамасы. Зорлық қылмыстар мен бұзақылықтың жағдайы, құрылымы және динамикасы.

6 Тақырып. Экономикалық қылмыстылықтың криминологиялық сипаттамасы

Экономикалық қылмыстылық түсінігі және негізгі көрсеткіштері. Экономикалық негізгі көрсеткіштері. Экономикалық қылмыстылыққа криминологиялық сипаттама. Экономикалық қылмыстылыққа статистикалық талдау.

7 Тақырып. Әйел қылмыстылығы

Әйел қылмыстылығының криминологиялық сипаттамасының ерекшелігі. Әйел қылмыстылығының жағдайы, құрылымы және динамикасы. Қылмыскер әйелдің жеке тұлғасы және оның типологиясы.

Әйел қылмыстылығының себептері. Әйел қылмыстылығының отбасы тұрмыстық себептері. Әйел қылмыстылығының экономикалық және әлеуметтік себептері.

8 Тақырып. Кәмелетке толмағандардың қылмыстылығы

Кәмелетке толмағандар қылмыстылығының жағдайы, құрылымы және динамикасы. Кәмелетке толмағандарға тән қылмыстар.

Кәмелетке толмағандар жасайтын қылмыстардың негізгі себептері мен жағдайлары. Себептің қалыптасуы ретіндегі жас өспірімнің жеке тұлғасының қолайсыз құлықтылық қалыптасуы. Нақты өмірлік жағдайлар себептің әрекетінің жағдайы ретінде.

9-10 Тақырып. Рецидивтік қылмыстылық және оның криминологиялық сипаттамасы Рецидивтік қылмыстылықтың түсінігі, криминалды рецидивизм және қылмыс жасаудың қайталануы. Рецидивтің түрлері. Рецидивтік қылмыстылықтың жағдайы, құрылымы және динамикасы. Рецидивтік қылмыстылық құрылымының ерекшеліктері және оның бастапқы қылмыстылықтан айырмашылығы. Қасақаналық рецидивизмнің кәсіби қылмыстылықпен байланысты. Рецидивистің жеке басының криминологиялық сипаттамасы. Әлеуметтік психологиялық және мінез-құлықтық белгілер. Қасақана рецидивистердің пайдакүнемдік зорлаушылық, паразиттік, алкогольді паразиттік қылмыстылық мақсаттары.

11 Тақырып. Тергеу қарауының тактикасы. Тергеу экспериментінің тактикасы

Тергеу экспериментінің түсінігі, оның түрлері. Тергеу экспериментін жүргізуге жол берілмейтін жағдайлар.

Тергеу экспериментіне дайындық. Реконструкция жасау. Экспериментке қатысатын адамдар, олардың ролі. Мамандарды пайдалану. Тергеу экспериментінің жекелеген түрлерін өткізу ерекшеліктері. Тәжірибе шарттарының зерттеліп отырған жайдың шарттарына мейлінше сәйкес келуі. Тәжірибелердің варианттары. Эксперимент нәтижелерін бекітіп жазып алу. Тергеу экспериментінің қортындысын бағалау.

12 Тақырып. Пайдақорлық қылмыстылығының криминологиялық сипаттамасы

Пайдақорлық қылмыстылығының ұғымы және жалпы сипаттамасы. Пайдақорлық қылмыстарының жағдайы, құрылысы және динамикасы. Пайдақорлық қылмыстылығымен күрес жүргізудің ерекшеліктері

13 Тақырып. Зорлықпен күш көрсету қылмыстылығы және оның криминологиялық сипаттамасы.

Зорлықпен күш көрсету қылмыстылығының криминологиялық сипаттамасы. Детерминациясы және себептілігінің ерекшеліктері. Зорлықпен күш көрсету қылмыстылығымен күрес жүргізудің ерекшеліктері.

14-15 Тақырып. Меншікке қарсы қылмыстардың алдын алу

Ұрлықты, тонау мен шабуыл жасап тонаудың криминалистік сипаттамасы. Тергеу болжаулары және тергеуді жоспарлау.

Алғашқы тергеу әрекеттері және жедел-ізвестіру шаралары. Куәдан және жәбірленушіден жауап алу. Қылмысты тіркеу органдарынан алынған мәліметтерді пайдалану. Ұрланған бұйымдарды ізвестіру.

Ұрлықты тергеудің ерекшелігі. Алғашқы тергеу әрекеттері және жедел-ізвестіру шаралары. Жәбірленушіден жауап алу. Оқиға болған жерді қарау. Сот сараптамасын тағайындау және басқа да тергеу әрекеттерін жүргізу ерекшелігі. Ұрлықты, тонауды инсценировкалау, оны әшкерелеудің әдістері. Тергеудің қорытынды кезеңінің ерекшеліктері.

Тонау мен қарақшылық қылмыстарының криминалистік сипаттамасы. Тергеу болжаулары және тергеуді жоспарлау.

Алғашқы тергеу әрекеттері және жедел-ізвестіру шаралары. Куәдан және жәбірленушіден жауап алу. Қылмысты тіркеу органдарынан алынған мәліметтерді пайдалану. Ұрланған бұйымдарды ізвестіру.

Ұсынылатын әдебиеттер тізімі:

1. Алауханов Е.О. Криминология. - Алматы, 2017. - 201 с.
2. Жұмағали Алмас. Криминология. – Алматы, 2016. – 211 с.
3. Криминология. Учебное пособие. - М., 2014-311 с.
4. Криминология. Учебно-методические материалы и альбом схем.
5. Учебное пособие под ред. С.Е. Вицина и В.А. Уткина. - М., 2015.-128 с.
6. Иншаков С.М. Зарубежная криминология. - М., 2017.-257 с.